

2012 жылға арналған ауыл шаруашылығы дақылдарын оңтайлы себу мерзімдерін және субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдерді ұсыну мерзімдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 10 мамырдағы № 111 қаулысы. Қостанай облысы Алтынсарин ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 25 мамырда № 9-5-148 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 23 шілдедегі № 179 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкімдігінің 2012.07.23 № 179 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы" қаулысымен бекітілген, Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 10 тармағына сәйкес және 2012 жылғы 4 сәуірдегі № 1-129 "Қостанай ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ұсыныстары негізінде Алтынсарин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдерді ұсыну мерзімдері 2012 жылдың 10 маусымына дейін белгіленсін.

2. 2012 жылға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша оңтайлы себу мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.М. Нұрғалиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Ахметов

Ә к і м д і к т і ң

2 0 1 2 жылғы 10 мамырдағы

№ 1 1 1 қаулысына

қосымша

2012 жылға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдар түрлері бойынша оңтайлы себу мерзімдері

№	Ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Себу мерзімдері
1	Дәнді дақылдардан басқа) (күздік	15 мамырдан 5 маусымға дейін
2	Бұршақтұқымдас	15 мамырдан 5 маусымға дейін
3	Майлы дақылдар	18 мамырдан 30 мамырға дейін
4	Жемшөптік жылдарындағы шөптерінен басқа) (өткен көпжылдық	30 сәуірден 15 шілдеге дейін
5	Сүрлемдік жүгері мен күнбағыс	15 мамырдан 31 мамырға дейін
6	Бірінші, екінші және үшінші жылдарындағы бұршақтұқымдас көпжылдық шөптер өсіру	20 сәуірден 1 тамызға дейін
7	Күздік дәнді дақылдар	15 тамыздан 1 қыркүйекке дейін
8	Көкөніс және бақша дақылдары	25 сәуірден 10 маусымға дейін
9	Картоп	10 мамырдан 31 мамырға дейін